

«БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру»  
электрондық қызметінің стандарты

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының хаттамасымен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар:

№	Өзгерістер, толықтырулар енгізілді	Хаттама бекітілген күн	хаттама №	тіркеу №
1	Басқарма хаттамасы	«09» қараша 2016 ж.	№ 66	№ 136
2	Басқарма хаттамасы	«12» маусым 2017 ж.	№ 26	№ 59
3	Басқарма хаттамасы	«11» қазан 2018 ж.	№ 78	№ 133
4	Хаттама	«__» _____ 201__ ж.	№ ____	№ ____

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 201\_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
хаттамасымен күшін жойды деп танылды.

## 1. Жалпы ережелер

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.11.2016 ж. №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартына енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес 1-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

1. «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 02 қазандағы №1042 қаулысымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларына, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.11.2016 ж. №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 11.10.2018ж. №78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 2-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

2. Стандарт зейнетақы төлемдерін алушының Заңның 31-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында, 32-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында, 33-бабының 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы электрондық өтініш беру тәртібіне регламент белгілейді.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.11.2016 ж. №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 3-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 3-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

3. Стандартта мынадай ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ААЖ – салымшылар (алушылар), салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары және салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттары бойынша жүргізілетін операциялары туралы ақпаратты қамтитын және ақпараттың сенімділігін, сақталуын және оны рұқсатсыз кіруден қорғауды қамтамасыз ететін БЖЗҚ-ның автоматтандырылған ақпараттық жүйесі;

2) БЖЗҚ – «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы;

3) БЖЗҚ веб-сайты – www.enpf.kz БЖЗҚ корпоративтік сайты;

4) «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасы (бұдан әрі – ЖТ МДБ) – ақпаратты автоматты түрде жинақтауға, сақтауға және өңдеуге, Қазақстан Республикасындағы жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруге енгізу және олар туралы өзекті және нақты мәліметтерді мемлекеттік басқару органдарына және олардың өкілеттігі шегінде және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес өзге де субъектілерге беру мақсатында Жеке сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімін құруға бағытталған ақпараттық жүйе;

4-1) алынып тасталды;

5) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) - жеке тұлға, соның ішінде өзіндік кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

6) өтініш – БЖЗҚ ішкі нормативтік құжатымен бекітілген нысан бойынша жасалған зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы электрондық өтініш;

7) БЖЗҚ веб-сайты арқылы Өтінішті өңдеу үдерісіне жұмылдырылған БЖЗҚ

бөлімшелері – Төлемдерді ұйымдастыру және хабарландыру департаменті, Ақпараттық технологиялар департаменті;

8) ҚР ҰКО – Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландыру орталығы;

9) алушы – БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар жеке тұлға;

10) тіркеу куәлігі – куәландырушы орталық электрондық цифрлық қолтаңбаның «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін ҚР ҰКО беретін қағаз түріндегі құжат немесе электрондық құжат;

11) Қызмет – «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі;

12) ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы;

13) электрондық құжат – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 4-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

4. БЖЗҚ веб-сайты арқылы Алушыдан төлемге өтініш қабылданады және Алушыға қабылданған өтініштің қорытындысы беріледі.

Бұл ретте Алушының ААЖ-да тіркелген өтінішін әрі қарай қарау, өңдеу, бақылау және орындау тәртібі БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін ұйымдастыру тәртібіне регламент белгілейтін БЖЗҚ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықталады.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 4-1 тармақпен толықтырылды.*

4-1. Стандартқа қосымша – «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру рәсімі» блок-схемасы.

## 2. Қызметті алу тәртібі

5. Қызмет көрсету түрі мен Қызмет көрсету нәтижесі электрондық түрде (автоматтандырылған) беріледі.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 6-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

6. Қызмет Алушыға тәулік бойы қолжетімді (техникалық жұмыстардың жүргізілуіне байланысты БЖЗҚ және ЖТ МДБ веб-сайтындағы үзілістерден басқа кезде).

7. Алушыларға көрсетілетін қызметтер үдерісіне қойылатын талаптар:

1) конфиденциалдылық (ақпаратты заңсыз алудан қорғау);

2) тұтастық (ақпаратты заңсыз өзгертуден қорғау);

3) қолжетімділік (ақпарат пен ресурстарды заңсыз ұстаудан қорғау).

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.11.2016 ж. №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 8-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

8. Алушыға өтініш ресімдеу үшін:

- Алушының өзекті ЭЦҚ кілтінің болуы (өтінішті ресімдеу кезінде ЭЦҚ тіркеу куәлігінің әрекет ету мерзімінің басталуы және өтіп кетпеуі, сондай-ақ тіркеу куәлігінің кері қайтарылып алынғандар тізімінде болмауы және ҚР ҰКО номенклатурасына сәйкес оның қолданылу саясатын растайтын объектілік сәйкестендіргіштің болуы);

- алушының жеке басын куәландыратын құжатының, оның ішінде құжаттағы деректердің өзектілігін уәкілетті мемлекеттік органның растауы;

- ЭЦҚ сертификатындағы алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН деректерінің ЖТ МДБ деректерімен сәйкес келуі;

- ЖТ МДБ-дағы алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, ЖСН, жынысы деректерінің ААЖ-дағы деректермен сәйкес келуі;
- алушының Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде/банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының деректемелері;

- егер Алушы Заңның 31-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында, 32-бабының 1-тармағының 3) тармақшасында, 33-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген тұлға болса, Алушыда белгіленген мүгедектіктің болуы туралы мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінен растаушы мәліметтер болуы қажет.

9. Алушыны сәйкестендіру ҚР ҰКО шығарған және Қазақстан Республикасының жеке тұлғаларды сәйкестендірудің тіркеу куәліктерін қолдану саясаты бар ЭЦҚ кілті негізінде жүзеге асырылады.

Алушының жеке басын куәландыратын құжат деректемелерінің өзектілігін растайтын мәліметтер (құжат түрі, нөмірі, берген орган және күні, әрекет ету мерзімі), оның ішінде алушының жеке басын куәландыратын құжатының жарамдылығы туралы мәлімет Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің уәкілетті тұлғасының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат түрінде веб-сервис арқылы ЖТ МДБ-дан беріледі. Бұл ретте Алушыдан ЖТ МДБ-дан алынатын мәліметтерді талап етудің қажеті жоқ.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.11.2016 ж. №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 9-1-тармағымен толықтырылды.*

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 9-1 тармаққа өзгертулер енгізілді.*

9-1. Алушыда белгіленген мүгедектіктің болуын растайтын мәлімет БЖЗҚ-ға мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен беріледі.

10. Алушының өзекті деректері БЖЗҚ веб-сайтындағы ЭЦҚ арқылы сәйкестендіру және тиісті тексеруден кейін ЖТ МДБ-дан өтініштің деректемелеріне автоматты түрде енгізіледі.

11. Өтініш нысанының деректемелерін толтыру тәртібі мен талаптары БЖЗҚ әзірлеген және БЖЗҚ веб-сайтында орналастырылған пайдаланушының жадынамасына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Алушы өтінішке қол қою үшін ҚР ҰКО шығарған және Қазақстан Республикасы жеке тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбаларын тіркеу куәліктерін қолдану саясаты бар ЭЦҚ кілтін пайдаланады.

13. Алушының ЭЦҚ көмегімен қол қойылған өтініші әрі қарай өңделу үшін ААЖ-ға жіберіледі.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 09.11.2016 ж. №66 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнет жасына толуына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметі стандартындағы өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 14-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

14. Өтінішті ААЖ-да тіркеу:

1) алушының ЭЦҚ өзекті болмаған (ЭЦҚ қолданылу мерзімі аяқталған/қажетті қолдану саясаты жоқ/сертификат қайтарып алынған);

2) Стандарттың 2-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес болмаған;

3) міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және (немесе) ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған шарт болмаған;

4) жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары болмаған;

5) ААЖ-да зейнетақы төлемін/сақтандыру ұйымына аударымды өңделмеген қайтару туралы мәлімет болған;

б) ААЖ-да зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы қолданыстағы (өзекті) өтініш туралы мәлімет болған жағдайда мүмкін емес.

15. Өтініш беру нәтижесі – Алушыға БЖЗҚ веб-сайт арқылы берілетін БЖЗҚ жауапты қызметкерінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтінішті қабылдау туралы қолхаты не өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхаты (себебі көрсетілген).

### **3. Қорытынды ережелер**

16. Стандарт – БЖЗҚ-ның туынды ішкі нормативтік құжаты, оның ережелері БЖЗҚ Басқармасы бекіткен сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 17-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

17. Стандарт Қазақстан Республикасы заңнамасындағы және БЖЗҚ қызметіндегі, зейнетақы төлемдерін **ұйымдастыру** тәртібі бойынша рәсімдерге өзгерістер ескеріліп немесе инновациялық және басқа сипаттағы өзге де себептерге байланысты қайта қаралуы мүмкін.

18. Стандарт БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарында көзделген талаптарға сәйкес өзектендіріледі.

19. Стандарт ережелерінде көзделмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына, БЖЗҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына және БЖЗҚ уәкілетті органының шешіміне (бұл ретте Қазақстан Республикасының заңнамасы басыңқы күшке ие) сәйкес шешіледі.

*«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес 20-тармаққа өзгертулер енгізілді.*

20. Төлемдерді **ұйымдастыру және хабарландыру департаменті** Стандарт мазмұнының өзектілігіне жауапты.

21. БЖЗҚ веб-сайты арқылы Өтініш беру үдерісіне қатыстырылған БЖЗҚ Орталық аппараты бөлімшелерінің барлық жауапты қызметкерлері Стандарт талаптары мен рәсімдерін орындауға міндетті.

**Басқарма Төрағасы**

**Р. Ерденаев**

**«БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандарты**

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 12.06.2017 ж. № 26 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес қосымшамен толықтырылды.

Қосымшаға «БЖЗҚ» АҚ Басқармасының 11.10.2018 ж. № 78 хаттамасымен бекітілген «БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» электрондық қызметінің стандартына өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес өзгерістер енгізілді.

«БЖЗҚ» АҚ Басқармасының  
2016 жылғы «19» ақпандағы № 2 хаттамасымен бекітілген  
«БЖЗҚ веб-сайты арқылы зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру»  
электрондық қызметінің стандартына  
қосымша

